

АЯҚ ДОБЫНЫҢ ТАРТЫСТЫ АЛАМАНЫ



4 - бетте

МАҚСАТ ТӘЖ-МҰРАТ ҚОНАҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ



7 - бетте

БҰЛ – ЕКІ ҰШТЫ «ҚҰБЫЛЫС»



14 - бетте



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№9-10 (143-144)
Желтоқсан, 2024 жыл



БІЗДІҢ СТУДЕНТ - АТЫРАУДЫҢ «ЖЫЛ АДАМЫ»

Атырау қаласында «Жыл адамы - 2024» салтанатты рәсімі өтті. Облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан үздіктер марапатталды. Дәстүрге айналған іс-шара барысында өз саласының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпары болған азаматтар ерекше құрметке бөленді. Осынау кештің ең басты марапаты – «Жыл адамы-2024» аталымына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Музыка және өнер кафедрасының 2-курс студенті Альфия Тілекқабыл ие болды.

Көптеген адамдарды өзіне баурап, көру қабілетінің жоқтығына қарамастан, татамиге батыл шығып, қарсыласын жеңіп, рух пен ерік-жігердің символына айналған Альфияның аталмыш кезекті жеңісі – талай адамға серпін беретін, тек спорттағы ғана емес, руханияттағы үлкен жетістік.

Жоғарыда аталған марапаттау кешінде

«Жылдың үздік кәсіпкері», «Үздік журналист», «Жылдың үздік мұғалімі», «Жылдың үздік дәрігері», «Жылдың үздік мәдениет қызметкері», «Жылдың үздік ауыл шаруашылығы қызметкері», «Жылдың үздік депутат» және тағы басқа аталымдар бойынша да үздіктер анықталды.

Арнайы қатысқан Атырау қаласының әкімі Шәкір Кейкин өз құттықтау сөзінде:

«Мұндай іс-шаралар қоғамдағы үздіктердің еңбегін насихаттап, олардың қызметтерін одан әрі ынталандырудың көрінісі ретінде халықтың ризашылығын оятуда ерекше маңызға ие.

Бұл марапат – сіздердің еңбектеріңіздің лайықты бағасы. Әрқайсыларыңыздың табыстарыңыз қала мен өңірдің дамуына үлгі болып, жастарға шабыт береді. Біздің ортақ мақсатымыз – Атырауды өркендету жолында бірлесе еңбектену. Сіздердің жетістіктеріңіз арқылы қаламыздың әлеуеті артатынына сенемін» – деп атап өтті.

Айта кетсек, Альфия Тілекқабыл – әлемдік спорт ареналарында еліміздің абыройын асқақтатып жүрген дзюдошы, 2024 жылғы Паралимпиада ойындарының тарихындағы ең жас қатысушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Сонымен бірге ол бұған дейін Азия және Қазақстан чемпионатының жеңімпазы, әлем чемпионатының командалық белдесуінің қола, Финляндияда өткен халықаралық турнирдің күміс жүлдегері атанып үлгерді.

Сайып келгенде, Халел Досмұхамедов Университеті Атырау спортын дамытуға, жастардың спортпен айналысуына, соның ішінде пара дзюдошыларға мейлінше қолдау көрсетуге тырысады. Бүгінде Атырау университетінің студенттері әлемдік халықаралық жарыстарда жеңіске жетіп, жүлдегер атанып, чемпиондық атаққа ие болып келеді. Оның бір ғана жарқын мысалы – Альфия Тілекқабыл секілді жасампаз жастар!



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АҚЫН ҚЫЗЫ – ФАРИЗА

Өнегелі өмірі көпке үлгі, күллі қазақ поэзиясының падишасы атанған Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде кең көлемде атап өтілді. Көрнекті қаламгердің рухына тағзым ету, оның шығармашылығын насихаттау бағытында біраз іс-шаралар атқарылды. Солардың қатарында ең әуелі мектеп оқушылары мен студенттерге арналған «Жырым қалсын жанымның ұшқынындай» атты ән-жыр байқауын атап өтуге болады.



А т а л м ы ш б а й қа у а қ ы н шығармаларын мектеп оқушылары мен студенттер арасында дәріптеу, жыр сүйер қауымның шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамдарын дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Қатысушыларға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті көптілді білім беру факультетінің деканы Меруерт Амангазиева, өнер кафедрасының меңгерушісі Ақкенже Тажиевна, аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі Айгүл Сұлтангубиева, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғылыми кітапханасының директоры Жомарт Мұхамбетов, журналист Өмірбек Кенжеахметов сынды өз ісінің мамандары әділ төрелік етті.

«Өлең мен сені аялап өтем», «Ән барады айналып гүл даланы» атты екі бағытты қамтыған сайыста 17 қатысушы жыр падишасының кемінде 3 өлеңін жатқа оқыса, екінші бағыт бойынша бақ сынасқан 5 қатысушы ақынның сөзіне жазылған әндерді нақышына келтіре шырқады.

Ақын өлеңдерін жатқа оқушылар арасынан ерекше образымен көзге түскен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Ерлан Баймұхановты, ақын жырындағы асқақ рухты танытқан

журналистика мамандығының студенті Нұрдәулет Тынышқалиевті, эстетикалық талғамының жоғарылығымен тәнті еткен журналистика мамандығының студенті Қарақат Сәкенқызын, қоңыр даусымен еліткен «Фарица» мектебінің 9-сынып оқушысы Ақниет Мағданды, ақын өлеңдеріндегі нәзік сезім мен шыншылдықты ұштастыра жеткізген қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Гүлшырын Абдулованы ерекше атап өтуге тұрарлық.

Тартысты байқауға ән айту бағыты бойынша қатысқан қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері Нұрбай Аянат, Айбекова Айсұлу, Исламова Амина, «Ұстаз» мектебінің оқушысы Қуаныш Қайырбайды, «Фарица» мектебінің оқушысы Гүлсезім Дайырова сынды әнші жастар қоңыр дауыстарымен көпшілікті елітіп, көрермен көзайымына айналды.

Байқау қортындысы бойынша «ән барады айналып гүл даланы» бағыты бойынша жүлделі бірінші орынға «Ұстаз» мектебінің 11 сынып оқушысы Қайырбай Қуаныш, екінші орынға «Фарица» мектебінің оқушысы Дайырова Гүлсезім, үшінші орынға Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының студенті Исламова Амина ие болды.

Ал «Өлең мен сені аялап өтем» бағыты

бойынша жүлделі бірінші орынға Журналистика мамандығының студенті Қарақат Сәрсенқызы, екінші орынға «Фарица» мектебінің оқушысы Мағдан Ақниет пен Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Абдулова Гүлшырын, үшінші орынға Ж.Молдағалиев атындағы мектептің оқушысы Аяпберген Гүлназ, «Ұстаз» мектебінің оқушысы Мұратбай Мансур мен Сүндетқызы Үміт ие болды.

Осынау ән-жырқауы кейін «Алты алаштың ақын қызы – Фарица» атты ғылыми семинарға ұласты. Семинарда Ф.Оңғарсынованың шығармашылық әлемі жан-жақты сөз етіліп, жылдарындағы қоғамдық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, философиялық, әрі ғылыми көзқарастары жаңа қырынан танылды.

Ғылыми жиынға Ақұштап Бақтыгереева, Қадыр Жүсіп, Зейнолла Мүтиев, Абат Қыдыршаев сынды қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін зерделеп жүрген ғалымдар, тіл жана-шырлары, қоғам қайраткерлері мен білім саласының өкілдері қатысып, ақынның шығармашылығы тура-сында толымды баяндамалар жасады.

«Фарица Оңғарсынова – Атырау топырағының төл перзенті. Ол – қарымы мол талант иесі, сөз өнерінің

кемеліне жеткен суреткер. Фарица шығармашылығының бүкіл болмы-сын, ерекшелігін, қасиеттерін жеткізіп айту өте қиын. Біз өңіріміздегі білімнің қара шаңырағы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің алғашқы түлектерінің біріміз. Ақынның оқытушылар мен студенттер алдындағы кездесулерде айтқан ұлағатты, қанатты сөздері мен ақыл-кеңестері, осы мінбеден сөйлегендегі дауысы әлі күнге дейін жадымызда сақталып келеді», – деді профессор Қадыр Өтегенұлы.

Танымдық іс-шара барысында қоғам қайраткері, ғалым Асхат Иманғалиев қазақ поэзиясының белді өкілі, «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгерееваны 80 жасқа толуымен құттықтап, университеттің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисовтың шешімімен тағайындалған «Университеттің дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тағып, жылы лебізін білдірді.

«Фарица екеуіміз «қазақ қыздары өлең жаза алмайды» деген көзқарастың тас-талқанын шығарамыз деп бір-бірімізбен сырласатынбыз. Шындығында, Фарица қазақ өлеңінен өз биігін алды. Кейбіреулер фарицаның өмірі ылғи бір мұңнан, қарзеттен тұрған деп ойлайды. Олай емес, Фарица бақытты болды. Қайда жүрсе де елдің құшағында жүрді. Өлеңдерін оқырмандары жатқа оқыды, кештерін өткізді. Қазақтың қыздар поэзиясының өсіп-өркендеуінің, биік деңгейге жетуінің айқын дәлелі де осы. Оның жырлары мәңгі жасайды. Бұл шарадан да студенттердің де сүйіспеншілігін көзбен көруімізге болады», – деп ақын Ақұштап Бақтыгереева сырласына айналған ақын әпкесін еске алды.

Семинар соңында қатысушылар ақын болмысы мен шығармашылығына қатысты жылы естеліктерін бөлісіп, сындарлы пікір білдірді.

ҒАЛЫМ. БАСШЫ. ҚАЙРАТКЕР

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжінің директоры, ғалым, қоғам қайраткері Мұстахим Мұхтаровтың мерейлі 65 жасына арналған ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісі өтті.



Жиынға Атырау қалалық мәслихаты, ардагерлер кеңесі мүшелері, Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжі ұжымы, «Сенім» мектебі ұжымы, профессор-оқытушылар қауымы мен студенттер, ғалымның туыстары мен жұбайы Гүлбарам Хамзақызы қатысты.

Іс-шара барысында мерейгердің еңбек жолы, ғылымдағы ізденістері мен адамгершілігі, басшылық қызметтегі жетістіктері сөз етіліп, әуезді әндр шырқалды.

Мұстахим Харенұлы – профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, сазгер, Атырау облыстық Полиция департаменті жанындағы Қоғамдық кеңес мүшесі, республикалық,

халықаралық жинақтардағы 20-дан астам мақаланың, «Атыраудың әдебиеті мен өнері», «Музыкалық білім беру тарихы» атты әдістемелік нұсқаулардың, «Арман құсым», «Мынау біздің ауыл» атты ән жинақтарының авторы, бірнеше жыл өңіріміздегі оқу орындарында басшылық қызметте болған парасатты тұлға.

«Осы университетте 20 жылдан астам еңбек етіп, оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми еңбектер жаздыңыз. Ұстаздық қызметте үлкен парасаттылық танытып, білікті шәкірт тәрбиелеуде өлшеусіз еңбек еттіңіз. Сіз басшылық ететін Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжімен де тығыз байланыс орнатып, білім жолында іргелі жұмыстар атқарып келеміз», – деп, университет ректоры Саламат Идрисов ғалымға А.Байтұрсынұлы атындағы алтын төсбелгіні тақты.

Салтанатты іс-шарада профессор Мұстахим Мұхтаровқа Атырау қалалық мәслихатының төрағасы Бейбіт Мырзағалиев Атырау қалалық әкімдігінің Құрмет грамотасын, Каспий академиясының президенті Асхат Иманғалиев Каспий аймақтық академиясының академигі атағын, «Үш қоңыр» республикалық газетінің бас редакторы Болат Батыр Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты атағын табыс етті.

Атырау облысының Құрметті азаматы, профессор Қадыр Жүсіп, университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахман Нағимов, Жылыой ауданының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Бақтыбек Таубаев, тарих ғылымдарының докторы Жамиға Таңатарова, «Сенім» мектебі директоры Гүлмира Мұқанова сынды беделді тұлғалар ыстық естеліктерімен бөлісіп, құттықтау сөз сөйледі.

Жиында сөз алған Мұстахим Харенұлы университет ұжымына, жиынға қатысушыларға алғысын жыр жолдарымен білдіріп, әуелете ән шырқады. Мәжіліс соңында қатысушылар ғалымды мерейтойымен құттықтап, ықылас-тілектерін жеткізіп, гүл шоқтарын табыстады.





ТҮРКИЯ ТӨРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЫМ

Бауырлас Түркия елінде Қазақстанның тәуелсіздік күніне байланысты тағылымды іс-шара ұйымдастырылды. Анығын айтсақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистранттары мен студенттері Түркияның Нийде қаласында егемендік мерекесіне байланысты театрландырылған қойылымды сахналады.

Мыңнан астам адам жиналған мерекелік іс-шараның ұйымдастырушылары арасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі «Қос диплом» білім бағдарламасымен оқып жатқан филология мамандығының магистранттары Ләззат Алимова пен Құралай Қуатова және шетел тілі: екі шет тілі мамандығында ортақ бағдарлама бойынша білім алушы Нұрай Кенжебек, Анар Мұбаракова, София Шеге, Жадыра Мирамова, Еділ Хамзеев сынды талапты жастар бар.

Омер Халисдемир университетінде білім алып жатқан қазақстандық студенттер қазақ елінің қалыптасу тарихынан бастап, Желтоқсан оқиғасы, тәуелсіздікке қол жеткізу сынды маңызды оқиғаларды әсерлі сахналар арқылы шынайы көрсете білді.

Көпшіліктің көңілінен шығып, тәнті еткен қойылым соңында қазақстандық студенттерге Түркияның басқа қалаларынан да шақыртулар келіп түсті.

Атап өтерлігі, рухани іс-шараға Нийденің Алтай ауылындағы қазақ диаспорасы да белсене қатысты.





АЯҚ ДОБЫНЫҢ ТАРТЫСТЫ АЛАМАНЫ



Биыл – «Атырау университеті» футбол командасының құрылғанына 40 жыл толып отыр. Атаулы датаға орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде футболдан шеберлер арасындағы турнир ұйымдастырылды.

Екі күнге жалғасқан турнирдің ашылу салтанатына спорт ардагерлері, футбол бапкерлері, жоғары оқу орны басшылығы және студенттер қатысты.

Құрметті меймандар қатарында «Буревестник» студенттік командасының негізін қалаушы, танымал бапкер, өңірдің спорт саласының дамуына елеулі үлес қосқан Әлібек Амиров қатысып, турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

Екі күнге созылған спорт бәсекесіне «Болат», «Каспий», «Жайық», «Доссор», «Махамбет», «Санжар», «Алламан» және «Атырау университеті» сынды 8 командалары бақ сынап, өзара мықтыны анықтады. Екі топқа бөлінген командалар арасынан суырылып шыққан төрт құрама жартылай финалда өнер көрсетті.

Нәтижесінде «Санжар» командасы «Жайық» командасын 6:3 есебімен жеңсе, «Университет» және «Доссор» командаларының арасындағы ойын 8:2 есебімен аяқталды.

Финалдық ойын қызу тартысқа толы болды. «Университет» пен «Санжар» ойынның негізгі уақытында жеңімпазды анықтай алмай 6:6 есебі тіркелді. Ойын соңындағы пенальтиден университет құрамасы қарсыластарына есе жіберді.

Турнирдің жабылу салтанатында сайысқа қатысушы командалар құрамынан үздіктер

анықталып, «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы», «Үздік сұрмерген», «Үздік гол», «Үздік ойыншы» сынды номинациялармен марапатталды.

Сайыс қорытындысымен «Доссор» мен «Жайық» командалары үшінші, «Университет» құрамасы екінші орын алса, «Санжар» командасы турнир чемпионы атанды.



ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛИСЕЕВ

Мейлі бұқаралық, мейлі кәсіби, кез келген спорт түріне қолдау көрсетуді стратегиялық мақсаттарының бірі етіп алған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Тәуелсіздік күніне орай еркін күрестен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, кеңес одағы кубогының иегері, жастар арасындағы бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы Сергей Елисеевпен кездесу өтті.



Атырау университетінің профессор-оқытушылары мен студенттері қатысқан жиында, спорт ардагерінің өмір жолы мен жеткен жетістіктері туралы айтылды.

Кездесуге арнайы шақырылған қонақ ретінде, Сергей Елисеевтің бауыры Наталья Елисеева сөз сөйлеп, жарқын естеліктерімен бөлісті.

Болашағын спортпен байланыстырған студенттер, атақты спортшының тәжірибесі мен өмірінен мол мағлұмат алса, Сергей Елисеев өзінен кейінгі жас ұрпаққа, жетістікке жету мен чемпион атанудың қыр-сыры мен басты қағидаларымен бөлісіп, сұхбат құрды.

«ЖАҢАРУДЫҢ» ЖИЫНЫ ӨТТІ



Желтоқсан айының орта тұсында «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Кеңесте 2024 жылы атқарылған жұмыс қорытындылары және 2025 жылдың міндеттері туралы мәселелер қаралды.

Жиынға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры – басқарма төрағасы Саламат Идрисов «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ Атырау облыстық филиалының төрағасы ретінде қатысып, оқу орнындағы және өңірдегі филиалдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстары жөнінде баяндады.

Атырау университеті сыбайлас жемқорлық жағдайларын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық жоспары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Университет жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы «ANTICORRUP ASU» бағдарламасы жұмыс жасайды. Студенттердің ұсыныстары мен пікірлерін есту және іске асыру үшін олар түрі кеңестер құрамына енгізілген. Біздің облыс бойынша студенттік омбудсмен – Атырау университетінің 3-курс студенті. Студенттік омбудсменмен және студенттермен ашық кездесулер өтеді.

Халел Досмұхамедұлы Университеті Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РБҚ Орталық кеңсесі және Атырау облыстық филиалының бірігіп ұйымдастырып келеді.

Атап айтқанда, 2024 жылғы наурызда университетте азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастырып, жастар арасында және жалпы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау мақсатында «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру» республикалық форсайт сессиясы өтті. Осы форсайт сессия нәтижесінде университетте «Жаңару» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы ашылды. Зерттеу орталығы – «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-ның жоғары оқу орындары жанынан ашылған алғашқы зерттеу алаңы.

Зерттеу орталығының мақсаты – құқықтық мемлекет құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі бастамаларды қолдау, сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды талдау, жою бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу, ғылыми зерттеулер жүргізіп, құқықтық сауаттылық саласындағы озық тәжірибелерді зерттеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептерді

зерделеу, жемқорлықпен күресудің жолдары мен оны болдырмау мақсатындағы ұсынастар беру, жастар арасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын кешенді іске асыру.

Университетте «ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігінің ұсынысымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» пәні бойынша ашық онлайн курсты жазу басталды. Оған Атырау облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті мамандары, университеттің заң кафедрасы оқытушылары қатысуда. Ашық онлайн курс университет платформасына салынғаннан кейін оны барлық мектеп, колледж, басқа да ЖОО студенттері тегін оқи алады.

«Жаңару» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығының жұмысына студенттердің «Саналы ұрпақ» клубы мүшелері және студент-волонтерлер қатысады. Негізгі мақсат – жастар арасында, жалпы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениет қалыптастыру. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Кеңес отырысында «ЖАҢАРУ» РҚБ Орталық аппаратының басшысы Қабдулла Әлиев «Жастардың құқықтық сауаттылығын және құқық қорғау органдарына сенім деңгейін арттыру іс-шаралар кешенін өткізу» атаулы Әлеуметтік Жобасының қортындылары туралы» баяндады.

Сондай-ақ «ЖАҢАРУ» РҚБ Құрметті Төрағасы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімовті 80-жылдық мерейтойымен құттықтау салтанатты рәсімі өтті.



ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГІДЕ ЖОҒАРЫЛАДЫҚ!



Дүние жүзінде жоғары білім беретін оқу орындарының сапасын анықтайтын арнайы рейтингілер бар. Х.Досмұхамедов университеті жуырда UI GreenMetric жаһандық рейтингінде алға илгеріледі.

Атырау университеті UI GreenMetric-2024 әлемдік университет кампустарының сапасы мен экологиялық тұрақтылығын бағалау рейтингінде 1477 университеттің ішінде 586-орын, ал Қазақстанның 28 ЖОО арасынан 7-орынды иеленді.

Көрсеткіш былтырғы рейтинг нәтижесімен салыстырғанда әлемдік деңгейде 9%, Қазақстан ЖОО-дары арасында 8%-ға көтерілген. Сонымен қатар, білім ордасы «энергетика және климаттың өзгеруі» көрсеткіші бойынша 5-орынға, «транспорт» көрсеткіші бойынша 4-орынға, ал «су» көрсеткіші бойынша Қазақстанның ЖОО-дары арасында 3-орынға тұрақтаған.

Бұл жетістіктер тұрақты даму мақсаттарына ұмтылуға және экологиялық көрсеткіштерді одан әрі жақсартуға ынталандырады. Тұтастай алғанда, Халел Досмұхамедов университеті экологиялық тұрғыдан орнықты шешімдер енгізіп, келешек ұрпақ үшін жасыл, әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға үлес қосуды мақсат етеді.



ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ ЖӘНЕ БАТЫС АЛАШОРДА

Атырау университетінің Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы «Халел Досмұхамедұлы және Батыс Алашорда үкіметі: жаңа тарихи деректер» атты ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Ғалымдар ұлт қайраткерінің өмірі мен қызметіне және Алаш өкіметінің ашылмаған ақиқатына қатысты тың деректерге толы баяндамалар жасады.



Тарихшылар бас қосқан ғылыми семинарда Алаш қозғалысының қайраткері Халел Досмұхамедұлының Батыс Алашорда үкіметі кезеңіндегі қызметі, аталған аймақтағы қозғалыстың құрылу тарихы мен рөлі туралы жаңа деректер айтылып, кеңінен талқыланды.

Жиында тарих ғылымдарының докторы, профессор Жәмиға Таңатарова «Батыс Алашорда үкіметінің тарихына қатысты кейбір мәселелерді» сараласа, тарихшы Аққали Ахмет «Алаш Орда өкіметі тарихының белгісіз беттерін» парақтады. Ал тарих ғылымдарының



кандидаты Серік Қуаныш «Батыс Алашорданың жұмысына қатысқан атыраулықтардың беймәлім деректерін» түгендесе, Алматыдан арнайы келген ғалым Болат Жұмағұлов «Батыс Алаш Орданың әскери тарихы» туралы тағылымды және мазмұнды баяндамасын жасады.

Аталған семинарда Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректоры Саламат Идирисов ғалымдардың Алаш зиялыларының идеялары мен ұстанымдарын қазіргі ұрпаққа жеткізудегі еселі еңбектеріне ризашылығын білдіріп, зерттеу жұмыстарына табыс тіледі.

Сонымен қатар ғылыми басқосудың қорытындысы бойынша тың деректерді жинақтап, маман даярлау ісінде, білім беру саласында кеңінен пайдалану қажеттілігін атап айтты.

Баяндама жасаған ғалым, атыраулық шәкірттерге ұдайы қонақ дәрістер өткізіп, жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, ғылыми жетекшілік жасап келе жатқан тарих ғылымдарының докторы, профессор Болат Жұмағұловқа басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов «Х.Досмұхамедов атыдағы Атырау университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстады.

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ АЛЫБЫ



Осы жылы профессор, академик Зейнолла Қабдоловтың 97 жылдығы тойлануда. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Халық жазушысының мерейтойына арналған ғылыми семинар өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы - профессорлары мен студенттері қатысқан іс-шарада профессор Зейнолла Қабдоловтың 97 жылдығы аталып өтіп, ғалымның өнегелі өмірі мен ғылыми-шығармашылық ізденістері, әдебиет сынды ар ісінің алдындағы абыройлы қызметі жөнінде сөз қозғалды.

Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зейнолла Қабдоловтың - филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ол саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің теориясын негіздеуге арнады. Сондай-ақ ғалым Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде де бірнеше жыл қызмет атқарып, шәкірт тәрбиеледі.

Танымдық басқосуда университеттің ардагер ұстазы, профессор, ақын Қадыр Жүсіп ғалымның өмірдерінен сыр шертіп, профессордың М.Әуезовпен танысуы, шығармашылық белестері, жазу стилі жөнінде баяндама жасап, білім алушыларды ғылыммен айналысуға шақырды.

«Желтоқсан – біз үшін қасиетті ай. Бұл айды ұлылардың айы деп есептеймін. Себебі, желтоқсанда Әбіш Кекілбаев, Зейнолла Қабдолов, Фариза Оңғарсынова, Шыңғыс Айтматов сынды сөз зергерлері туған. Соның ішінде 12 желтоқсанда барлығымыздың ұстазымыз, Атыраудың тумасы, ірі ғалым, жазушы Зейнолла Қабдолов дүниеге келді. Қазақ сөз өнерін теориялық жағынан жасақтап берген тұлғаны сіздер білулеріңіз керек», - деді профессор Қадыр Өтегенұлы.

Ғылыми жиын соңында Көптілді білім беру факультетінің деканы Меруерт Аманғазиева қорытынды сөз сөйлеп, қатысушыларға алғысын білдірді.



МАҚСАТ ТӘЖ-МҰРАТ ҚОНАҚ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Қазақстанның мәдениет қайраткері, жазушы-эссеист Мақсат Тәж-Мұрат Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде студенттер мен оқытушы-профессорларға арнап дәріс оқыды.

Қонақ дәрісте қаламгер сөз өнері және өлкетану мәселелері төңірегінде ой толғап, аталған саладағы түйткілдерге қатысты ой-пікірлерімен бөлісті.

Мақсат Әнесұлы – жазушы-эссеист, филология ғылымдарының кандидаты, алаштанушы ғалым. Ол еңбектерінде ұлттық сана, мәдениет пен әдебиет, тарих тақырыптарында қалам тербейді.

Келелі жиында сөз алған басқарма

быс етті.

«Бүгінгі дәріс – шығармашыл жастар үшін жақсы дәріс. Себебі, Мақсат Тәж-Мұратты жазушы-эссеист, Атыраулық жерлесіміз, университетімізге еңбек сіңірген әріптес ағамыз ретінде жақсы танымыз. Білім ордасында болған түрлі іс-шараларға келіп, өңіріміздің белді тұлғаларының құрметіне ұйымдастырылған ғылыми семинарларға қатысып келесіз. Эссе жазу – соңғы онжылдықта өзекті болып, білім бағдарламасына да толық еніп жатқан құбылыс. Осы саланың үздік маманы келіп өз тәжірибесімен, білгенімен бөлісіп жатқаны студенттеріміз үшін де



төрағасы-ректор Саламат Идрисов қазақ әдебиетін дамытуға зор үлесін қосқан қаламгерге оқу орны Ғылыми кеңесінің шешімімен тағайындалған «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде та-

жетістік», – деді басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов құттықтау сөзінде.

Іс-шарада дәріскердің «Біздің елдің ұлтаны мен сұлтаны» атты кітабы таныстырылып, туындының тұсауын кесу құрметі Атырау облысының



Құрметті азаматы, профессор Бақтыбек Таубаев пен университет ректоры Саламат Идрисовке берілді.

Жазушы-ғалым өз дәрісінде көп жылдар бойы зерттеген Ғ.Қараштың өнегелі істерін, Алаш арыстарының жәдидшілдік діни танымы мен эссе жазу мәселелеріне кеңінен тоқталып, жастарды шығармашылықпен, ғылыммен айналысуға шақырды.

«Сіздердің іштеріңізде болашақ жазушылар, эссеисттер, тарих-

шылар, профессор-ғалымдар отыр деп ойлаймын. Мен атаған кітаптарды қарастырып, біздегі қан тамып тұрған оқиғаларды, өлкетану мәселесін эссе және көркем әдебиетпен ұштастырады деп сенемін. Қолдарыңыздан келеді деп есептеймін», – деді жазушы Мақсат Әнесұлы.

Кездесу соңында қатысушылар толымды дәрісі үшін жазушыға алғыс білдіріп, естелік суретке түсті.

ЛУДОМАНИЯ – АСА ҚАУІПТІ ДЕРТ

Құмар ойындары – қоғам өкілдерімен бірге өмір сүріп жатқан дерт. Оған «иммунитеті» әлсіз кез келген адам ұшырауы мүмкін. Оның алдын алу, зардаптарын түсіндіру бүгінгі таңда аса маңызға ие. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осы мақсатта арнайы кездесу өтті.

Кездесуде бұрынғы лудомания құрбаны болған азамат өкінішімен бөлісіп, құмарпаздықтан сақтануға шақырды. Оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысқан іс-шарада адам өмірінде негативті тұрғыдан басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық тұрғыдан және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы – лудомания туралы толыққанды ақпарат берілді.

«Құмарлық ауруларының 210 түрі бар.

Солардың бірі, әрі қауіптісі – лудомания. Осы құмарлыққа қарсы жүргізіп жатырған жұмыстарымыздың ішіндегі ең үлкен жеңісіміз – қоғамдық орындардағы, әсіресе, әуежай, теміржол вокзалындағы жарнамаларды алып тастау болды», – деді «Жаңа өмір» психологиялық қолдау орталығының басшысы Талғат Агисов.

Жиында студенттерге лудомания құрбаны ба- сынан өткен ауыр тағдырын баяндап берді.

«Өзім 12 жылымды осы ойындарға арнап, ағайын-

туыстарымнан, достарымнан қол үзіп, құмар ойындарының құрбаны болдым. Қазақстан бойынша лудомания дерті қатты өршіп тұр. Сондықтан, «Respublica» партиясының қолдауымен Атырау қаласынан адамдарға көмектесетін орталық аштық. Бұнда ойындарға құрбан болған кез келген адам келе алады», – деді лудомания құрбаны Тимур Рамазанов. Сондай-ақ орталық маманы көмек сұраған азаматтардың жеке бас құпиялығы қатаң сақталатынын да ескертті.

Еркін форматта өткен кездесу соңында университеттің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ләйлә Қойшығұлова арнайы келген қонақтарға алғыс хаттар табыстап, келелі кездесу үшін ризашылығын білдірді.





БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Тоғызыншы желтоқсан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні болып есептеледі. Бұл ретте Астана қаласында Қазақстанда академиялық адалдықты ілгерілету бойынша республикалық форум өтті.

Білім саласындағы адалдық принципін іске асыру бойынша тәжірибелерді бөлісу мақсатындағы форумды Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, «Атамекен» ҰКП, Академиялық адалдық лигасы, М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті ұйымдастырды.

Әлемдік аренада еліміздің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың белсенді саясатын жалғастыру міндеті тұр. Бұл салада арнайы заңнамалар мен кешенді жоспарлар негізінде жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Форум барысында Қазақстандағы

академиялық адалдық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы, білім берудегі ашықтық және этика, академиялық адалдықты бақылаудың сандық құралдары мәселелері бойынша талдаулар болды. Сонымен қатар Zubanov University, Satpayev University, Kozybayev University, Maqsut Narikbayev University, Қазақ-Британ университеті және Қарағанды медициналық университетінің академиялық адалдық саясатындағы озық тәжірибелері бойынша баяндамалар жасалды.

Іс-шарада мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын іске асырудағы «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің рөлі сараланды.

Қоса кетсек, қазіргі кезде еліміздің барлық жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша жұмыстар комплаенс-офицер қызметі арқылы да жүзеге асырылып келеді.



ТАЗА ҚОҒАМ – ҰРПАҚ АМАНАТЫ

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні 2004 жылдан бастап жыл сайын 9 желтоқсанда атап өтіледі. Атаулы күнді 2003 жылдың 21 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялады. Дәл осы күні Мексикада қол қою үшін БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы ашылды. Бас Ассамблеяның қарарында көрсетілгендей, осы халықаралық күнді құрудың басты мақсаты «...сыбайлас жемқорлық проблемасын және Конвенцияның сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы және оған қарсы күрестегі рөлін түсінуді тереңдету». Жыл сайын БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді белгілі бір тақырыппен атап өтуді ұсынды.

және пәрменді құралы саналатын БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының қабылдануына 20 жыл толуы атап өтілді. Бас Ассамблеяның қарарында көрсетілгендей, аталған халықаралық күнді белгілеудегі мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияның сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы және оған қарсы күрестегі рөлін түсіндіруді тереңдету.

Бұл күннің негізгі міндеті – сыбайлас жемқорлық проблемасына жұртшылықтың назарын аудару, сондай-ақ оның алдын алу, онымен жаһандық және ұлттық деңгейде күресу жөніндегі шараларды ынталандыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету және дамыту шеңберінде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, кез келген көріністердегі сыбайлас жемқорлыққа абсолютті төзбеушілік, оның туындау себептері мен жағдайларын жою саясатын ұстанады.

Көптеген жоғары оқу орындары академиялық адалдық саясатын қабылдады. Осыған сәйкес, Атырау университетінің 2020 жылғы 15 маусымдағы Ғылыми кеңес отырысында «Академиялық адалдық кодексі» бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әлемдік қоғамдастықпен және мемлекеттік саясаттың белгіленген векторымен қатар университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жазалау әдістеріне ғана емес, сонымен қатар студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлер арасында құқықтық сананы арттыру, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік пен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру бағытында түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Қандай да бір тәуекелдер туындауының алдын алу жұмыстары еңбек ұжымдарымен әңгімелесу, семинарлар және ақпараттық түсініктемелер арқылы жүргізілуде.

Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының арасында онлайн және офлайн форматта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» және

«Академиялық адалдық кодексі» тақырыбына кездесулер ұйымдастырылды.

Жазғы және қысқы емтихан кезінде студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының құқықтық санасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік пен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру бағытында «Таза сессия» акциясы жүргізіліп, комиссия штабы құрылады.

«Таза сессия» акциясы шеңберінде оқу орнының 6 факультетіне сенім жәшіктері орнатылды. N1 оқу ғимаратының музейінде Адалдық дүкені ашылды. Жазғы және қысқы сессия кезінде заңсыз сыйақы алу және сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау мақсатында студенттер арасында анонимді сауалнама жүргізілді.

Жоғары оқу орны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында өз мақсатын айқын белгілеп, алға қарай батыл қадам басуда. Алдағы уақытта жыл сайын бекітілетін арнайы іс-қимыл жоспарының шеңберінде білім ордасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша жұмыстарды күшейту басты назарда болады.

Сонымен қатар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, азаматтық сананы арттыру және адалдық пен әділдік қағидаттарын нығайту мақсатында Атырау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментімен бірлескен жоспар аясында қарқынды іс-шаралар жалғастырылады. Бұл іс-шаралар оқу орнының ішкі тәртібін нығайтып қана қоймай, академиялық адалдық пен әділдікке негізделген мызғымас ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, университет болашақ ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы сіңіру арқылы еліміздің жарқын болашағына өз үлесін қосуға ұмтылуда.

Шыңғыс МҰХАМБЕТҚАЛИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс қызметінің жетекшісі



АЗАТТЫҚҚА АРҚАУ БОЛҒАН АҚ ЖАЙЫҚ

Аса көрнекті ғалым Х.Досмұхамедов өз еңбектерінде қазақ халқының отаршылдарға қарсы күресін, ел мен жер үшін, әсіресе Еділ-Жайық үшін жан беріп, жан алысқанын терең жеткізе білді. Ол «Өткен жүз жарым жылдағы Кіші жүздің тарихы қанмен жазылғандай деп айтса болады. Бір жағынан, басын қорғап патша үкіметімен арпалысу, патша үкіметінің құралы болған орыс-казактарымен жауласу, екінші жағынан, қонысқа таласып естек, қалмақ, түркіпен секілді көршілермен жауласу, үшінші жағынан, өзара ру таластары – Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады», – деп жазды.

Сонау XVIII ғасырда Кіші жүз ханы Әбілқайырдың: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қырғыз (қазақ А.А.) халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені мұндай жайлы жерді олар еш жерден таппайды» деп жар салып, кезінде патша үкіметіне жіберген хатындағы үзілді-кесілді мәлімдемесі кейінгі жылдары өзінің ақиқатын толық дәлелдеді.

Қазақ үшін Еділ – ел, Жайық – жан, Ойыл – ой қасиетті нышандар. Осы үшеуі бірлік пен күшті және біртұтастықты құрайды. Заманында ақын-жыраулар жырларында қастерлі осы үштіктен айырылудың қайғысы мен қасіретін, мұңы мен зарын көрсете білді. Ақын-жыраулар халықпен бірге туған жер үшін азаттыққа жетудің жолын өз өлең-жырларына арқау етті.

Өлкеміздегі талай тарихи оқиғалар Ақ Жайықпен байланысты өрбиді. Алуан-алуан шежірені түбіне тұндырып жатқан Ақ Жайық – Атырау өңірінің мақтанышы құт-берекесі, тіршілік өзегі. Осы жөнінде Асан Қайғы мен Сыпыра жыраудан бері талайлар ән шығарып, күй толғаған. Ақындар өлең арнаған. Махамбет Өтемісұлы хан жасағынан қуғын көріп, тарығып жүргенде:

Жайықтың бойы енді су,
Кешегі қуатымның барында,
Тіземмен бұзып өткенмін, – деп аңсайтын Жайық өзені.

Асан Қайғы бабамыз:
Жәнібек атты жақсы хан.
Еділ менен Жайыққа
Кәпірге қала салдырдың,
Ақылды белден шалдырдың,
Көңілді жаман қалдырдың.
Көңіл қалмай не қылың,
Төңірек жүзді, қой жүзді
Әспеттеген балаңды
Атасы нәлет кәуірге
Күндердің күні болғанда
Бас бұлғамай берерсің.
Нәлет біздің жүріске.
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың
Алтын мен күміске, – деп қос өзеннің ел үшін қандай рөл атқаратынын дөп басып айтады.

Ал өз заманында талай қанды жорықтарға қатынасқан, яғни XVI ғасырда өмір сүрген Доспамбет жырау:

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?!
Еңсесі биік боз орда
Еңкеймей кірер күн қайда?!, – десе, бірде:
Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып.
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым, өкінбен – деп төкпелейді.
Сөз зергері Шығияз Шанайұлының (1819–1875) жырлары Еділ, Жайық, Нарын өңіріне кең тарайды. Оның «Бойында Үштемірдің Әлім жүрген» өлеңінде:

Жас кезде дәуірленген ер қартайып.
Шалқарды шайқап көшкен қазақ едік,

Жер қайда қоныс еткен Қарабайыр?

Екі су қорлық көрді Еділ-Жайық,
Осыны болжап кетті Асан Қайғы.
Ерге ақыл ойламаса табылмайды,
Әкімдер халыққа салды үлкен айып, – деп жырлайды. Шығияз «Екі су қорлық көрді Еділ-Жайық» деп осы қос өзен үшін халықтың қан майданға түскендігін, ел үшін қос өзеннің мал мен жанға жайлы ата қоныс екендігін, Асан Қайғының қос өзен үшін болатын жан алып, жан берісетін заманның туатындығын болжағанын дөп басып жырлайды.

Қазақтың атақты жырауларының бірі – Қашаған Күржіманұлы (1841–1929). Оның жырлары ел арасына ауызша тарағаны белгілі. Шайыр «Атамекен» жырында Кіші жүз руларының Еділ, Жайық, Жем, Сағыз, Елек, Қобда өзендерінің бойын ең жайлағанын жырлайды:

Саланың бойы салқын деп,
Күнелтсін ұрпақ, халқым деп
Арқаның кең даласын
Жайлады қазақ баласы.
Сырдан төмен кең қоныс –
Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,
Елек, Қобда саласын
Мекенденіп кетіпті

Кіші жүздің баласы, – деп жырына қосты. Өкінішке қарай бұл өзендер де халықтың жайлы қонысына айналмады. Патша үкіметінің әскери отарлау саясатының нәтижесінде Қазақ елінің бүкіл дерлік аумағын батысынан шығысына қарай бекіністері, форттары, форпосттары, кордондары мен пикеттері бар үздіксіз әскери шептер тізбегі қоршап жатты. Мысалы, Орал шебі Гурьевтен (Атырау) Елек қорғанысына дейін созылды. Орыс тарихшысы А.Рябинин Жайық казактарында бір ғана өліспей беріспейтін жауы болды – олар қазақтар еді деп жазды. Олар «қажырлы, қайсар, қорқуды да, шаршауды да білмейтін жау еді. Жайық казактары оларға қарсы нағыз кескелескен соғыс жүргізді», – деп жазуында ащы шындық бар еді. Махамбетше айтқанда халық «Жайық үшін жандасты».

Жазушы С.Мұқанов 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан» кітабында былай деп жазған болатын: «Бөкей мен Сығай билеген заманда, «Ішкі Орда» қазақтары Орал (Жайық өзені атауының орысша нұсқасы) мен Еділ арасын жайлауға патша үкіметінен ұлықсат алғанымен, ең жайлап, еркін көше алмады. Орал мен Еділ бойын бұрын билеп-төстеп қалған казактар қазақтарды малға жайлы өзен маңдарына жөнді жолатпай, Нарынның қызыл құмына айдап тыға берді. Өзен маңына көшіп барған елдің малын казактар тартып алды. Жерден көрген таршылықты сол кезде Кете руынан шыққан Боран ақын былай деп сипаттайды: Теңіздің бойын алдым деп, Алдыңа тарт көлденең. Құймалы қала салдым деп, Жағаға елді түсірмей, Құлақтан сулар шірімей,

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандық Оралдағы қазақ-орыс қатынастарының спецификасы: идеология мен практиканың өзара байланысы тарихи аспектіде» гранттық қаржыландыру шеңберінде дайындалды. Тіркеу нөмірі: АР 23487682).

Халықтың алып еді қонысын,
Құртып еді ырысын,
Халыққа қиын іс болды,
Халық қайғысын меңгерген
Қайран ерге күш болды.

Қоныстан қуғын көрген ел, басқа барар жері болмаған соң, батылдық қып Еділдің Жайыққа құятын сағасына барады, казактар бұрынғы дағдымен қазақтардың малын талап алады, сол кезде Кете руын билейтін Өтебалы сұлтан Сығай баласы, Орал-Еділ қазақтарын билейтін Астрахань губернаторына барып арыз айтады».

Жанұзақ жыраудың Жәңгір ханның өз алдына жырлаған жырларында:

Еділ, Жайық екі су
Еңісіне ел қонып,
Ендеп жылқы жабылды.

XIX ғасырдың аяғында дүниеге келген Ақ Жайық өңіріне белгілі ақын Хангерей Наурызұлы «Өлеңім, әсем әнім жоғалмаса» деген өлеңінде: Қалса деп ел аузында салған әнім.

Асқақ әнді арнадым Жайығыма,
Көп міндім тамашалап қайығына.
Жатушы ем суға түсіп жағасында,
Еспе құм шетіндегі қайырына.
Көк шалғын тоғайында серуендейтін
Су келген жазғытұрғы жайылымында.
Сағынып қосылатын құрбы-құрдас
Келгенде Ақ Жайықтан ауылыма, – деп жырға қосқан.

1860 жылдары Адай руы мен Әлім руы бірнеше жыл жау болып жүріп, табысады. Екі ру табысып болған соң жиылған жұрт кете Жаскілең жырауға және адай Қалнияз жырауға руларыңды мақтап сөз айтуларын өтінеді.

Сонда сөз бастаған Жаскілең:
Еділ менен Жайықтың
Мұнар еді ағашы – деп қос өзенді жырына арқау етеді.

Тарихтан белгілі, 1867–1868 жылдары жүргізілген патша үкіметінің сайқал реформасы нәтижесінде қазақ жерлері толығымен алпауыт, аш көз Ресей империясының отарына айналып Жайық өзенінің бойына казак-орыстар мен қарашекпенділері орналасып, Кондаурово, Редут, Бақсай, Карманово, Топайлы, Зеленый, Кулагино, Гребенчиково, Горы, Харкин, Антоновка т.б. орыс-казак әскери бекіністері салынып, мұздай қаруланған патша үкіметінің құлақ кесті құлындай болған казак әскери бөлімдерімен толықтырылды. Осы аталған ірілі-уақ бекіністер патша үкіметінің Жайық бойын толық отарлауының тірегі мен күш-қуаты болды. Бекіністерге орналасқан отарлаушы казактар Жайық бойының ең байлығын еміп, еркін талан-таражға салумен және халықты тонаумен айналысты. Казактардың жөнсіздігі жөнінде А.К.Гейне былай деп жазды: «Өздерінің тонаушылығы мен зорлық-зомбылығы арқылы олар қырғыздардың (қазақтар А.А.) бойында бүкіл орыс халқына деген өшпенділік орнатты».

Халықтың қуанышы да, қасірет-қайғысы да, ең алдымен, ақын-жыраулардың жүрегін жарып өтетіндігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Жоғарыда аталған ақын-жыраулар атамекенге құт болған, азаттыққа арқау болған Ақ Жайықты өздерінің өлең-жырларына қосты.

Аққали АХМЕТ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ЕЛ МҮДДЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Он алтыншы желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «АМАНАТ» партиясы «Бірлік» бастауыш партия ұйымының жиналысы өтті.

Партия ұйымының төрағасы Саламат Идрисов төрағалық еткен отырыстың күн тәртібінде «АМАНАТ» партиясы «Бірлік» бастауыш партия ұйымының 2024 жылғы жұмысы мен алдағы міндеттері қаралды.

«Еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік даму бағдарын қамтыған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылап, ұжым мүшелері осы Жолдау туралы өз пікірлерімен республикалық, жергілікті телеарналарда бөлісіп, ақпарат беттерінде жариялады. Өте ауқымды, нақты әрі кешенді іс-шаралар жоспарланып отыр. Сондықтан «АМАНАТ» партиясы, оның негізін құрайтын бастауыш партия ұйымдары үшін орындалуы тиіс маңызды міндеттер тұр», – деді филиал төрағасы Саламат Нұрмұқанұлы.

Жиналыс барысында қатысушылардың

ұсыныстары тыңдалып, сұрақтарына жауап берілді.

Партияның қолға алған іргелі жобалары мен бағдарламаларын насихаттау жұмыстарымен бөлісіп, «2025 жыл – партия тарапынан «бастауыш партия ұйымдары жылы» болмақ. Сондықтан «Бірлік» бастауыш партия ұйымының да алдында үлкен жұмыстар тұр. Бүгінде біздің «Бірлік» бастауыш партия ұйымының қатарында небәрі – 390 партия мүшесі бар. Алдағы уақытта қоғам игілігі, ел мүддесі үшін жұмыс атқарар жастарды қатарымызға қосуымыз керек», – деп нақтылап атап өтті «Бірлік» бастауыш партия ұйымының атқарушы хатшысы Баянсұлу Тыныбаева.

Жиын соңында атом электр станциясын салу бойынша өткен референдум кезінде белсенді қызмет етіп, партияның стратегиялық бағытын қолдап, оның бағдарламалық міндеттері мен жобаларын іске асыруға атсалысқан партия мүшелері марапатталды.

АВТОРСЫЗ ГАЗЕТ

Сарғайған газет парақтарында өшпес із қалдырып кеткен авторларға тоқталып өтпекпін. Газет тарихын түгендеу – газет ұжымының үнемі назарында. Бұл орайда Индер аудандық «Дендер» газетінің бас редакторы Жанай Исламғалиұлы 2018 жылы Алматыдағы Ұлттық кітапханаға арнайы барып, 1937 жылдан №20 (148) бергі сандарының электронды нұсқасын алып, күні бүгінде қолымызда 1975 жылға дейін газеттің тікпесі бар.

Алғашқы жылдары латын қарпімен басылған «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1937 жылғы 5 маусым күнгі N39 санында халықтың сауаттылығын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар әркез хабарланып отырған. «Мектептің ремонтына көңіл бөлмей отыр» атты мақалада Жарсуат, «Мектебіміздің халі» мақаласындағы Кетебай ауылындағы ахуал, N42 санда Төлембаевтың «Мектебімізге оқу құралы керек» мақаласында Мәмбет ауылындағы «Үлкен шағыл» мектебінің жағдайы баяндалған.

Сонымен қатар, «Редакцияға хат» айдарымен N62 санда Анық есімді автордың «Әйел теңдігін аяққа басып отыр» мақаласында «Советтер одағындағы барлық еңбекші әйелдердің еркектер мен тең провалы екендігі айдан анық. СССР-да шаруашылық, мемлекет, мәдениет қана қоғам-саясат тіршілігінің барлық саласында әйелге еркекпен тең прова беріледі (СССР конституциясының 122 статьясы)» дейді. Мұның барлығы да сол кезеңде ауыл адамдарының Заңды білетіндігін және әйелдің абыройы мен теңдігінің маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Ал, 1939 жылғы N5 санда Е есімді оқырман «Жұмысқа кеш келіп, ерте кетушілермен күрес күшейтілсін» деп, партия мен өкіметтің «Еңбек тәртібін сақтау шаралары, мемлекеттік әлеумет қауіпсіздендіруінің практикасын жақсарту жөнінде ұйымшылық жасаушылармен күресу туралы» қаулының әлі кейбір жерлерде іске аспай отырғандығын айтады. N33 санда Ерғалиев есімді автор «Бірде-бір тілші хаты, газет дабылдары аяқсыз қалмасын» деп көлемді мақала жазып, онда «Сөз жоқ, біздің аудандық «СМШ» газетінде қалың еңбекшілер мен ауыл тілшілері көптеген хаттар жазып көмектесіп келеді. Олар, істеліп жатқан жұмыстардың жетістік, кемшілік жақтарын, өздерінің ұсыныс-тілектерін большевиктік баспасөз арқылы білдіріп отыруға жыл сайын дайындалып отыр. Өткен 38-жыл бойынша аудандық «СМШ» газетінің редакциясы түрлі орындарға 200-ден аса хаттар жолдады. Бірақ, еңбекші бұқараның дабылына, қойған ұсыныс-тілектеріне құлақ қоймаушылық фактілер бар. Бұл жалпы газет арқылы көтерілген сигналдарды «шамалы, кішкентай» мәселе деп санап, оны елемеушіліктен болып отыр» дейді.

Бұл жылдары жазылған мақалалардан байқағанымыздай, сол кезеңнің тәртібі болды ма кім білсін, автордың аты-жөні толық жазылмаған. Және редакция тілшісі қайсы, штаттан тыс тілшілер қайсы екенін білу қиынға соғады.

Қаншама қиындықты бастан кешсе де, тіпті газеттің шықпай қалған кезі болмапты. Сөзімізге дәлел ретінде, 1940 жылы N3 санда Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының жергілікті советтерін сайлаудың қорытындысы атты «Социалистік Қазақстан» газетінің бас мақаласы мен аудандық советтің бірінші сессиясын ашардағы орденді оқытушы, депутат Мұқанғазы Сирановтің сөзі жарияланған. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін газетке тек Сталиннің суреті басылса, дәл осы санның бірінші бетінде Қазақстанның

үш орденді халық ақыны Жамбыл Жабаев пен Қордай ауданындағы мектеп директоры Ермекбай Еспаевтың суреті басылыпты. Осы кезден әр үндеуде Жамбыл ақынның өлеңдері халық рухын көтеру үшін мысалмен келтіріліп отырған.

N14 санда жарияланған «Қазақстанның 20 жылдығына дейін сауатсыздықты жою ісін аяқтайық» атты бас мақаласына орай Ележан есімді автор «Гребенщик советіндегі сауатсыздықты жою жұмысы күшейтілсін» (47 сауатсыз), Жунусов «Үлкендер мектебінде жұмыс жоқ» (Қаңбақты ауылы), Айдарханов «Сауаттандыру жұмысын жақсартайық» (Құрылыс ауылы 80 адам) деп пікірлерін білдірген. Жазылған мақаларға сүйенер болсақ, сол жылдары аудан бойынша 17 ауылда 959 сауатсыз тұрғын тіркелгенін байқауымызға болады.

N18 санда Қызыл Армия мен соғыс теңіз флотының қатарын нығайту жұмысында Б.Бақиев «Армия қатарына бару үлкен бақыт», 1922 жылы туған жас «Отанымды қорғауға даярмын», К.Қайров «Мектебіміздегі отан қорғау жұмысы» (Жамбыл о.м.) деп пікір жазса, Рахметқали «Жасасын қызыл армия», Жамбыл мектебінің 9 сынып оқушысы С.Билалов «Айбынды қызыл армия», Елтай орта мектебінің 8 сынып оқушысы Қ.Жұбатқанов «Айбынды қызыл ерлер» деп өлең шығарыпты.

N62 саннан бастап Жамбыл ақынның «Шырқа ақындар көтере, шырқа таудың қырына» деген атауымен ақын-жазушылардың шығармалары жарық көре бастаған. Айтар болсақ, Х.Балманов «Біз – жас ұлан», «Боратты Ендер», Ж.Жалғасбаев «Абайға», «Қуаныш», Ахметтің «Бір дүкенде» фельетоны», Тайыр Жароковтың «Хасан көлі», Ахмет Сапаровтың «Адасқан ақмақтар» әңгімесі, халық ақыны Абайдың 95 жылдық юбилейіне орай «Құлақтан кіріп бойды алар», «Күз», «Аттың сыны», «Сыр» өлеңдері жарияланған. А.Сапаров «Абай қазақ әдебиетінің геройы» деп өз туындысын жариялапты.

Бұдан аңғарғанымыз, газет халықты Отан қорғауға шақырып, үгіт-насихат жұмысын тұрақты жүргізеді. Аудандық газетте Жамбылдың, Асқар Тоқмағамбетовтың халықты бірлікке, Жеңіске шақырған өлеңдері тұрақты жарияланып отырған. Тіпті газеттің бірқатар белсенді тілшілері майданнан редакцияға хаттар жазып, жауға қарсы бірлікке, жігерлілікке үндеген өлеңдерін жолдаған. Солардың ішінде Елтай округіндегі ескерткіш тақтаға есімі жазылған Ахмет Сапаров секілді әріптестеріміз майдан даласынан мәңгілікке оралмай қалды.

50-жылдардан бастап аудандық газетте өлең, шығармашылыққа әуестенген авторлардың өлеңдері, фельетон, сықақтар, жалпы әдебиет жанрларына тән ізденістерге көбірек назар аударыла бастапты. Оның бір көрінісі ақындар Меңдекеш Са-тыбалдиев, Алпан Ибрашев, Ғылымғали Сайханов, тағы басқа авторлардың әр мереке сайын сырлы өлең шумақтары жарияланып, сын-сықақтарға кең жол берілген. Мәселен, 1958 жылғы газет бетінде З.Рысалиев, Н.Ибатов, А.Ибрашев, Т.Сатышев, Х.Нұрманов, Р.Күлекешов, К.Қамбалов, И.Юсупов, М.Қабиев, М.Төлешов, М.Мұқанов, Д.Ергешев, Қ.Есетовтың мақалалары жиі беріліпті.

Ал 1958 жылдың 19 ақпан күнгі N17 санында аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің қызметкері М.Қабиев «Есбол ауданында баспасөз дабылынан қорытынды жасалмай келеді» атты мақаласында: «Аудандық партия комитетті де, Гурьев облыстық партия комитеті де әзірше аудандық газеттің беделін көтеру, оның беттеріндегі сындар мен дабылдардан, ауыл-село тілшілерінің хаттарынан дер кезінде қорытынды шығару, сөйтіп аудандық баспасөздің пікірін пәрменді ету шараларын ойластырмай келеді» – деп жазады.

Бұл айтылған мәселе қазір де өзектілігін жоймады. БАҚ бетінде жарияланған мақаладан гөрі, телеграм, инстаграм, фейсбук секілді әлеуметтік желілердегі «мына жерде қоқыс алынбады» деген



СТУДЕНТІМІЗ «ҮЗДІК EVENT ВОЛОНТЕР» АТАНДЫ

Атырауда 5 желтоқсан – Халықаралық волонтерлар күніне орай «Волонтер премиясы – 2024» марапаттау іс-шарасы өтіп, 15 номинация бойынша үздіктер анықталды.

Аталмыш іс-шараны облыстық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, «Жаныңдамын» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Өңірдегі еріктілер «Birgemiz: Bilim», «Birgemiz: Sauluq», «Birgemiz: Sabaqtastyq», «Birgemiz: Asyl mura», «Birgemiz: Ayala», «Birgemiz: Taza Alem», «Birgemiz: Umit», «Birgemiz: Qamqor», «Үздік медиа волонтер»,

«Үздік event волонтер», «Үздік корпоративтік көшбасшы» және «Үздік тәлімгер» сияқты номинациялар бойынша түрлі марапатқа ие болды.

Өз кезегінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Инновациялық білім беру факультетінің 3-курс студенті Айым Құрмашева Атырау облысының волонтерлік қозғалысына қосқан елеулі үлесі үшін «Үздік event волонтер» номинациясына лайық деп танылды.

Айта кетейік, аймақта 57 еріктілер ұйымы ресми тіркелген. Оларда 2000-нан аса волонтер белсенді жұмыс атқаруда.



– ҚАНАТСЫЗ ҚҰСПЕН ТЕҢ

мәндегі жазбаларға дереу жауап беріледі. Осы ретте қоғамдық газеттің тілшісінен гөрі блогерлердің дәуірі жүріп тұр ма деген ойға келесің...

Бұл жылдардағы газеттерде кей мақалалардың авторы көрсетілмеген. Сондай бір мақаланың бірі – «Сенің газетің қайда?» деп аталады. Мақалада автор: «Ауданның бірсыпыра жерлерінде газеттер мен журналдарды жазылушыларға, әсіресе колхозшыларға, шалғай жайлаулардағы малшыларға жеткізуге көңіл бөлінбейді, мән де берілмейді. Аудандық байланыс бөлімінің басшылары, оның ауыл-селоардағы бөлімшелерінің қызметкерлері газет-журналдарды өз талддырығынан шығарып тастағанына ғана мәз. Об газеттер жұртқа жете ме?! Газеттер мен журналдар халқымызды коммунизм рухына тәрбиелеуге көмектеседі, табысқа жігерлендіреді, кемшілікті ашып, түзетуге атсалысады. Газеттерді дұрыс пайдаланбай тұрып, бұқара арасындағы саяси жұмысты жолға қобға мүмкіншілік жоқ. Газеттер мен журналдар кезінде және түгелдей жеткізілсін. Бұл – өскелең өміріміздің өз талабы» деп түйіндейді.

Иә, аталған мәселе қазір де өзектілігін жоймады. «Газет оқырманымен өміршең» десек, бүгінде ауданда почта арқылы жазылған газет оқырмандары «газет тасушы» жоқтығына байланысты газетті уақытында ала алмай отырғаны шындық.

Аталған жылдардағы газетке үңіле отырып, «Индердің дабылынан кейін» рубрикасымен газетте қозғалған сын-пікірлерге жауапты тұлғалардың жауабы жарияланып отырғандығын байқаймыз.

1964 жылы Гурьев педагогикалық институтының аға оқытушысы Хисмет Табылдиевтің «Исатайды өлтірген кім?» мақаласы жарияланыпты. Онда: «Сонымен Исатай-Махамбеттер қуғыннан құтылып шыққанда қасына ерген 38 адамнан (тарихи еңбектер мен оқулықтарда 40 шақты деп жүр) 27 адам қалады, қалғаны жоғарыда айтқандай, Баймағамбеттің қолына түседі. Осыдан кейін Исатай-Махамбеттер қайта қол жинайды. 1838 жылдың 12 июлінде Тайманов Баймағамбет сұлтан ұстаған әйелі мен балаларын, туыстарын қайырып алу қамымен барлауға шыққанда Геке мен Б.Айшуақов отрядына кездесіп қалады. Кейін қашуды ар көрген Исатай аз ғана қолымен Ақбұлақ түбінде кездескен жаумен кескілесе соғысады. Алайда күш тең болмайды. Оның үстіне жау Исатайларды зеңбірек оғының астына алады. Осыған шыдай алмаған Тайманов қолы ыдырай бастайды. Осы кезде жазалаушы отрядтағылар топ ортасында арғымағымен ойнақшып жүрген Исатайды көріп қалып, соңына түседі. Қуғын кезінде Леонтий Зеленин деген қазақ-орыс батырдың атын жаралайды. Бірақ Исатай жаяу соғысады. Осы сәтте үш қазақ – Жапар Елекбаев, Сатпай Байжігітов және Көпен Суболин батырдың артынан келіп ұстап, дулығасын сыпырмақ болады. Бұлармен алысамын деп жүргенде Таймановтың қылышы қолынан шығып кетеді. Дәл осы сәтте бір шетте қалған қазақ Богатырев сол қылышпен Исатайдың басын шабады. Бұған қанағат қылмаған бір қазақ мылтықпен батырдың өкпесінен атады (Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, 4 фонд, 1 тізім, 2039 іс, 50–52 беттер). Мұны Геке де Орынбор генерал-губернаторына 1838 жылы 13 июлінде жазған репортында толығымен баяндайды» деп архивтен дерек келтірген. Міне, ел қамы үшін күрескен ер Исатай осылайша азаппен қаза тауып, газет беттерінде тарихи деректер берілген.

1974 жылғы газеттің алғашқы санында «Саған да зор міндет жүктейді» деп редакцияның жылдық поштасына шолу жасалыпты. Мұнда «Газеттің бұқарамен байланысы нығая түсті. Тілші-авторлар саны 1972 жылы 183 болса, өткен жылы 200-ге жетті. Штаттан тыс тілшілеріміз К.Дәулетов, Ү.Тасқарин, Н.Нағимов, Б.Аталықов, Д.Садықов, М.Маев, Б.Қауменов, Ғ.Шәріпов, З.Ахметжанов, Қ.Дүйсенбиев жолдастардың хабар, суреттемелер, репортаж, очерктері газет бетінде жиі көрініп, оқырмандардан жоғары баға алды. авторларымыз – партия қызметкерлері С.Тасқарин, С.Бисалиев, Қ.Қыраубаев, ауыл шаруашылығы мамандары Ә.Құнасов, К.Иманбаев, Д.Бозжанов, мұғалімдері М.Мерғалиева, М.Көргенов, М.Қарасаев, мәдениет қызметкерлері С.Оспанова, М.Елеуов жолдастардың да редакциямен қоян-қолтық байланыс жасап, құнды-құнды материалдармен қуантқанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, оқушылар И.Қанатов, Б.Ізбасаров, Б.Жұматовтар өз мектептеріндегі жаңалықтардың дер кезінде хабарлап, редакцияға үлкен көмектерін тигізді. «Правда» совхозының бас экономисі М.Сейітов жолдастың «Экономистің өндірістегі орны» деген мақаласы көптеген экономика қызметкерлерінің қалам ұстауына үлкен ықпал жасады» делінген.

12 қаңтар күнгі N6 саннан бастап «Қаламгер» деген атаумен тілшілер беті бар. Онда «Біздің белсенді тілшілеріміз» – Индер руднигінің шофері Себекбай Үмітқалиев пен «Путь Ильича» совхозының тракторисі Ниғымет Нағимов газеттің мазмұнды шығуына үлкен үлес қосып келе жатыр. Олар өздері еңбек ететін ортаның жаңалықтарын, игі істері мен кемшіліктерін толық жазып отырады. Н.Нағимов өзінің белсенді еңбегімен кәсіподақтардың облыстық Советінің грамотасына ие болды» деп жазылған. Штаттан тыс комсомол жастар бөлімінің тілшісі Қ.Жүсіпов ұйымдастырған «Сенімді қолғанаттар» атты жастар беті көпшілік көңілінен шыққан.

Арнаулы тілшілер М.Қазиханов, Е.Көшекөв, В.И.Ленин атындағы орта мектептің әскери дайындық пәні мұғалімі З.Ахметжанов мектеп жаңалықтарын беріп отырса, штаттан тыс тілшілер Қ.Дүйсенбиев, С.Үмітқалиев, Қабыш Дәулетов, Б.Қауменов, Б.Аталықов, Е.Төрешұратов, О.Питерскова, Ү.Тасқарин, И.Жакиев, Ғ.Құбашев, Н.Салахов, Ғ.Шәріпов, М.Маев ауыл жаңалықтары мен мәселелерді жиі көтеріп отырған.

5 май – Советтік баспасөз күні шығарылған санда, «Газеттің сапалылығы, материалдардың пәрменділігі әрдайым авторлары мен жұмысшы, сөз тілшілері көп болуына байланысты. «Индер» газетіне жанынан қазір 6 штаттан тыс бөлім құрылып, 14 жерде тілшілер тобы жұмыс істейді. газетке 104 белсенді тілші үзбестен жазып тұрады» деп анықтама берілген.

Жоғарыда Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде жарық көрген сарғайған газет парақтарына тоқталсам, енді Тәуелсіздіктен кейінгі он жылдық жаңа 21 ғасырда басылған 2002 жылғы газет мазмұны туралы сөз қозғамақпын. Ұлы Жеңіске 60 жыл толуына орай Сүйеу Халықовтың «Жауынгер және журналист» мақаласында Мүтәлі Шәріпов туралы баяндайды. Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері Баянғали Құлақов «Ол күндер ұмытылмайды» деп, жүріп өткен 1943 жылдан жазба қалдырады. Өз сөзінде: «Сонау 1943 жылдары Жамбыл қаласындағы N37 фЗО–да оқып, «Вагон жөндеуші» мамандығын алдым. Қолыма аттестатымды алғаннан кейін Шымкентке жіберді.

Содан 15 адамды арнайы дайындап, Дондағы Ростов қаласының қасындағы «Каял» стансына жіберді. Махачкаладан Дондағы Ростов 500 шақырым бойы жау ұшақтары станса сайын тіпті жол үстінде де біздің пойызды атқылаумен болды. Біз осы соғыс жылдарында өзендерден көпір салуға қатыстық. Бірде көпірге бомба түскенде менде оның жарықшасына тап болып, аяғымнан қатты жарақаттанып қалдым», деп еске алады.

Индерлік Шолпан Сламбек әкесі Бағдат Ла-типов туралы «Ұмытпаймын, әке, өзіңді», Күләш Құсайынова атасы Құсайын Мұқанов туралы «Мәңгі өшпес бейне» мақаласында «Атам Германияның Берлин қаласын алу үшін шайқаста 1945 жылы 30 сәуірде ерлікпен қаза болған. 1945 жылы 8 мамырда қаза болғаны туралы «қарақағаз» толтырылып, штаб бастығы полковник Метелька қол қойып, «әскери құрметпен жерленді» деген хабар әжем Мұқанова Өзипаға жіберілген» деп жазады.

Иә, сол жылдарда өмір сүріп, жүріп өткен жолдарын естелік ретінде қағазға түсірген ардагер авторларымыздың орны ерекше ерекше.

Бұл жылдарда өрліктік Қабыш Дәулетов, көктоғайлық Марат Мұқанов, КСРО химия өнеркәсібінің үздігі «Ауыл жылы» аясында жұмыстармен бөліссе, зейнеткер Қалаубай Нұртілесов «Кенші қолына қалам алды» атты мақаласында Индер Борат кенішінің ашылу кезеңдеріндегі қиыншылықтары мен жетістіктерін жазады.

«Авторсыз газет – қанатсыз құспен тең» дегендей, газеттің тірегі – оның тілшілері мен тұрақты оқырманы екені даусыз. Газеттің тарихын қалыптастыруда сонау жылдардан бастасақ, Мақжан Қабиев, Меңдекеш Сатыбалдиев, Бақыт Қоянақова, Мұрат Қазиханов, Әнуар Нәбиев, Бақытжан Жұматов, Роза Жұматова, Базарғали Суханқұлов, Серік Жетпісқалиев, Қуаныш Мұхамедалиев, Бақытжан Мусағалиев, Сансызбай Базарбаев, Кеңес Сахи, Себекбай Үмітқалиев, Ақбілек Бектұрлиева, Сүйеу Халықов сынды ардагерлеріміздің орны бөлек. Бұдан бөлек, республиканың әр өңірінен хат жолдаушылардың қатары үнемі көбейе түсуде. Мысалы, Астанадағы мұраттанушы, біздің жанашырымыз Бауыржан Омаров, Сыртқы істер министрлігінен Гүлсім Еңсепова, Атыраудан Аққали Ахмет, өңірден Аман-тай Бағыт, Сағынтай Керешов, Бақыт Қаракешова, Гүлнафис Есқалиева, Айсәуле Боранбаева сынды өзге де штаттан тыс тілшілеріміздің арқасында газеттің абыройы артып келеді. Сондай-ақ, редакция жанынан құрылған «Жас қауырсын» клубының мүшелері де зор үлестерін қосуда.

Бұл үрдіс әлі де жалғасын табуда. Биылғы жылдың 11 айында 422 хат келіп түссе, оның 219-ы тілші-авторларымыздан келген хаттардың еншісінде. Бірі хаттарын эл.почтаға, бірі қолжазба түрінде алып келеді.

Қазіргі күні жаһандану дәуіріне сай, цифрлық мүмкіндіктерге жол ашып, бүгінде «Дендер» газетінің бетіндегі QR код арқылы den-der.kz сайтына және инстаграм, фейсбук әлеуметтік желісі арқылы ұялы телефоннан оқу мүмкіндігі туды. Бұл желілердің ерекшелігі оқырман тек оқып қана қоймай, сол желі арқылы кері байланыс жасауына да болады.

Иә, қанаша жыл өтсе, газет өміршендігін жойған емес. Газет өзінің тілші-авторларымен ғұмырын жалғастыра бермек.

Жадыра НАРИМАНОВА



ҚАЗАҚ УИКИПЕДИЯСЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ашық энциклопедия, яғни уикипедия жұмысын жақсарту, цифрлық кеңістікте қазақ тілінде жан-жақты жетілдірілген, мазмұнды мақалалар енгізу, энциклопедиялық білім қорын қазақ тілінде қамтамасыз етудің маңызы күннен күнге артып келеді. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен «Қазақ уикипедиясын дамытудың маңыздылығы» атты республикалық семинар ла осы бағыттағы бірегей тәжірибе алаңы болды деп нық сеніммен айта аламыз.

Алқалы жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Атырау облысы бойынша филиалы, облыстық басқармалар басшылары, білім саласының менеджерлері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, жас ғалымдар кеңесінің, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Атырау облыстық филиалы мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Уикипедия – қазіргі таңда интернеттегі ең ірі, әрі әйгілі энциклопедия. Қазақ уикипедиясы 2002 жылы пайда болды, бірақ оған алғашқы мақалаларды жазу 2005 жылдың сәуір айынан басталды.

«Қоғамымыз түгелге жуық Уикипедия жөнінде хабардар, керек мәліметін де осы жерден таба алады. Қазір бұдан артық энциклопедиялық қор жоқ десек қателеспейміз. Уикипедияда әлемнің 285 тілінде 35 миллион мақала бар. Соның ішінде Қазақ уикипедиясы әлемдік рейтинг бойынша 49 орында тұрақтаған. Қазақ тіліндегі мақала саны – 238 мыңнан асады. Уикипедияны қолға алудың басты қажеттілігі – қазақ тіліндегі ғылыми қорды, ақпарат көздерін дамыту. Өскелең ұрпақ өз тілімізді жетік меңгеруін қаласақ, қазақ тілін цифрландыруға көшу керек», – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов кіріспе сөзінде.

Қазақ уикипедиясының Атырау өңірі бойынша белсендісі Мағыпар Қуанов, Уикипедия әкімшісі (аудармашы) Батырбек Әлімжанов, Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Айгүл Қуаныш, Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Ақмарал Дауткулова сынды спикерлер Қазақ уикипедиясының қазіргі жағдайы мен болашағы, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мен қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі болашағы жөнінде толымды баяндама жасап, жүйелі ой бөлісті.


«2000 жылға дейін кітап энциклопедияларды пайдаланып келсек, ғаламтордың келуімен ашық энциклопедиялық қор – Уикипедия жұмысы қолға алынды. Ол арқылы керекті ақпаратты тауып қана қоймай, уақытымызды да үнемдейміз. Онымен қоса ашық қорда ақпарат көздері күн сайын жаңарып, толығып отыратыны өте қолайлы. Қазіргі рейтингке зер салсақ, қазақ тілді мақалалар саны азайып кетті. Осы орайда ғалымдарды жұмылдырып, мақалаларды өңдеу мен жазу жұмыстарын жандандыруды қолға алу керек. Қазақ тілді контенттерімізді көркейтетін жұмыстарымыз жандана берсін!», – деді Қазақ уикипедиясының Атырау өңірі бойынша белсендісі, ғалым Мағыпар Қуанов.

Жиында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов Атырау облысында өткен «Сарайшық – бабалар мұрасы» жобасын сәтті іске



асыруға үлес қосқаны үшін Лаура Ғазизова, Гүлназ Кәрімжан, Орынгүл Махмуд, Болат Бисенғалиев, Жанат Қырықбаева, Арман Жұмағазиев сынды қоғам белсенділеріне Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалы мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты тағайындаған «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісін табыс етті.

«Қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудың бірден-бір жолы – ғылымның барлық саласындағы ақпаратты қазақ тілінде цифрландыру», – дей келе, Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Ақмарал Дауткулова жасанды интеллектті қазақ тілінде сөйлетті. Ғылыми семинар соңында қатысушылар пікір алмасып, естелік суретке түсті.





ТІРІ ЖҮР, ӘЛІ ӨЛГЕН ЖОҚ...

(Т.Досымов шығармашылығына талдау)

«Толағай боп туылмадым, әттең-ай,
Атырауға әкелер ем бір тауды...»

Қазақтың маңдайына біткен тұңғыш бард ақын – Табылды Досымовтың «Биіктік» атты туындысы – алыстан мұнартып, басын әппақ қар шалған тауы болмаса да, таудай тұлғаларды тудырған Атыраудың асқақ ұраны. Бұл әнді тыңдағанда өне бойыңды өрлік сезімі билейді. Аспандағы құс та саған теңдессіз көрінгені соншалық, қолыңды созып, бұлт арасынан арманыңды іздеп кеткің келеді.

Қазір әннің әуенін де, сөзін де өзі жазатын әншілер жетерлік. Алайда, әннің әуеніндегі ойнақылық пен ырғақ неғұрлым «дауысты» болса, сөзі соғұрлым «дауыссыз» болмақ. Ал бард ақынның әндерінің әуені құлаққа жағымды, көңілге қонымды «дауыссыз», сөздері жер шарының кез-келген түкпірінен естілетіндей, мағыналы да мәнді ғам «дауысты».

«Ұйықтап кетіп, сол күйі оянбай қалған» Табылдың әр өлеңі, сені тұңғыыққа тартса керек, тыңдаған сайын терең ойға шомыласың.

Тау ұлдары тауда нағыз сырбаздай,
Жүздерінде шабыт оты жүр маздай.
Біздің қырда қыдырса егер бір жаздай,

Тұманбайлар кетер ме екен жыр жазбай.

Бір құдірет тұла бойда тасқанда,
Құлаш ұрмай тауға, шыңға, асқарға,
Қыр баласы тауға қарап өспейді,
Қыр баласы қол созады аспанға...

Ақынның бұл әні Тұманбай Молдағалиевтың жырындағы мына бір шумағына жауап:

Алатаудың жаңбыры мен нөсері,
Бала күнгі жан досымыз кешегі.

Ұлы өзендер басын таудан алады,
Тау баласы тауға қарап өседі.

Тауға қарап таусылып арман қуған қыр баласы биікке ұмтылып, тұман арасынан жол тапқандай.

Қаланың тірлігінен шаршап, алыстағы ауылын аңсап жолға шыққан Табылдың «Шаһари шақтары»:

...Қамықтым кейде алақан таппай аялы,
аттандым сосын сахара сары далама
Бәледен қашқан Машайық құсап баяғы.
Ақжарма дәурен бізден де сөйтіп алыстап,
тарттым да кеттім Ақжайықты өрлеп, қарыштап.
Алқам да, салқам феодалша өмір сүрмекке,

ауылға барып Аманқос құсап мал ұстап...

«Ауылға кел, ауылға көш» деген пропаганда өлеңдермен салыстырғанда, Табылдың бұл туындысында еркіндік бар.

Ауылда тәлтіректеген мас адамды көрсек, қуанушы ек. Себебі, сол уақытта одан асқан жомарт жан болмайтын. Өміріне дән риза. Бірақ, есімізді біле тұра, біз адамдар жәй отырып та өмір туралы терең ойға батамыз. Өміріне, тағдырына титтей өкпелі жанға Табылдың әндерін тыңдау қауіпті. Өз ойыңмен бетпе-бет келсең, одан шыға алмай қаласың. Ол жайлы ойлап кетсең қорқасың, атам қазақ айтпақшы «қорыққанға қос көрінердің» күйін кешуің де ғажап емес. Бірақ мен өлім туралы ойдан бұрын, мына әннен қатты қорыққанмын:

Жалықтым. Жабықтым. Жаңа ұқтым,
Еңсемді езеді тамұқ-түн.

Сығалап қарадым мен оған,
Терезесінен табыттың.

Лақаттан лақтырдым бөркімді,
Тәнімді жаным жеп өлтірді.

Жардағы сүгірет үні кеп,
Күлкімді менің келтірді.

Сезімім құламай сенделіп,
Қиялым барады жерге еніп.

Қараңғы тып-тымдық бөлмеде,
Жарқырап шам тұр тербеліп...

...Біреу келсе екен!...

«Тұңғыш бард ақын» деп ұлты ұлықтайтын ақынның ішінде соншалықты мұң мен зар жиналған деп кім ойлаған... Табылдың жазған әр шумақ – біз үшін таптырмас шедевр!

«Негізгі болмысың – ойдан тұрады. Қалғаны – ет пен сүйек. Гүл ойласаң – гүлістансың. Тікен ойласаң – тікендісің», – деген Мәулана Руми сөзін ескерсек, нені ойға алсаң, аузыңнан сөз, қаламыңнан жазу боп шықса, сол саған бір табан жақындай бермек. Бәлкім, ақынның тағдырына жазылған, дәм тұзы таусылар шақ сол болған шығар, бірақ, біз ойға алуға батпайтын дүниені өлең қып жазу үшін қаншалықты «жалғыз» болу керек екен...

Ол:

Қорқыттар құтылмаған бұл өлімнен,
Табылдың құтылуы қиын шығар, – деді.

Мен:

– Табылдар құтылмаған бұл өлімнен,
Белгілі Жанарайдың құтылмасы. – деймін.
Соңы.

Жанарай ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«Журналистика және ақпарат»
мамандығының 4-курс студенті

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БІЛІМ-ҒЫЛЫМҒА ЫҚПАЛЫ

Атырау университетінің Бағдарламалық инженерия кафедрасының магистранттары мен оқытушылары «Жасанды интеллект: білім және ғылымдағы заманауи тенденциялар мен перспективалар» атты дөңгелек үстел өткізді. Бұл іс-шара жасанды интеллекттің білім беру мен ғылым саласына ықпалын талқылауға арналды.

Дөңгелек үстел барысында жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу тәжірибесі, оның ғылыми зерттеулердегі рөлі жан-жақты қарастырылды. Жанай Марғұлан, Нсанбаев Дінмұхаммедрахмани, Сайфонов Амиржан, Багитова Лаура, Жумашев Жансеит, Балмагамбетов Альжан, Мизамова Гулбаршын т.б. магистранттар ЖИ технологияларын қолданудағы заманауи тәсілдер мен озық тәжірибелер туралы пікір алмасып, бір-бір баяндама жасады.

Әрбір баяндаманың өзіндік ерекшеліктерін атап өтсек болады. «Бизнес-информатика» ББ 2-курс магистранты Әміржан Сайфонов «Қауіпсіздік саласындағы жасанды интеллект: деректерді қорғау және киберқауіптер» атты тақырыбы бойынша деректерді қорғау және киберқауіптермен күрестегі жасанды интеллекттің рөлі туралы

әңгіме өрбітті. Бұл тақырыптың маңыздылығы оның тек IT саласында ғана емес, барлық дерлік салаларда қолданылу мүмкіндігінде. Баяндамашы жасанды интеллектті қолдану арқылы деректерді қорғау әдістерін, сонымен қатар жаңа киберқауіптерге қарсы күресте кездесетін басты мәселелерді нақты мысалдар арқылы көрсетті.

Ал «Бизнес-информатика» ББ 1-курс магистранты Гулбаршын Мизамова «Жасанды интеллект және адамның шығармашылық болашағы» атты тақырыпты ортаға салды. Ол жасанды интеллекттің адамның шығармашылық қабілеттеріне әсерін талдады. Баяндамада «Жасанды интеллект шығармашылық процестерде адамның орнын баса ала ма?» деген маңызды сұрақтар көтерілді. Сонымен қатар, ЖИ мен адам арасындағы тепе-теңдікті



сақтауға және этикалық аспектілерге ерекше назар аударылды.

Жасанды интеллект – ғылым, технология және мәдениет салаларын дамытуда шешуші рөл атқаратын құрал десек, аталмыш іс-шара жаңа замандағы ең маңызды мәселелерді

қозғап, жасанды интеллекттің дамуымен байланысты болашақ бағыттарды айқындауға, оның қазіргі және келешек әлеуетін тереңірек түсінуге және жаңа зерттеу жобалары мен инновациялық идеяларды іске асыруға септігін тигізетіні сөзсіз.



БҰЛ – ЕКІ ҰШТЫ «ҚҰБЫЛЫС»

Камилла ҚҰРМАНҒАЗИЕВА, «Журналистика және ақпарат» мамандығының 4-курс студенті:

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН АДАМ МИЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ»

Жасанды интеллект (ЖИ) және адам миы – екеуі де ақпаратты өңдеу мен шешім қабылдау қабілетіне ие күрделі жүйелер. Бірі – технологиялық туынды, ал екіншісі – табиғаттың ғажайып жемісі. Бұл тақырыпта біз адам миы мен жасанды интеллекттің қалай жұмыс істейтінін, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, сондай-ақ болашақтағы ықтимал синергияларын айтпақпыз.

Адам миы – табиғаттың ең күрделі туындыларының бірі. Мидың үйрену қабілеті өмір бойы жаңа ақпаратты сіңіріп, өткен тәжірибелерді ескере отырып, болашақ шешімдер қабылдайды. Адам миы жаңа идеялар ойлап табуға, қиялдауға және шешімдер қабылдауға қабілетті.

Эмоционалды түрде ми тек ақпаратты өңдеп қана қоймай, оны сезімдер арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, нейропластикалық қасиетінің арқасында ми жарақаттардан кейін өзін қалпына келтіре алады немесе жаңа дағдыларға бейімделеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл адамдардың интеллектуалды қабілеттерін еліктеуге бағытталған алгоритмдер мен технологиялар жиынтығы. ЖИ негізінде машиналық оқыту, нейрондық желілер және үлкен деректерді өңдеу жатыр.

ЖИ ерекшелігінің алғашқы түрі, үлкен көлемдегі деректерді тез өңдеп, нақты нәтижелер шығарады. Машиналар бір тапсырманы қайта-қайта дәл орындауда өте тиімді. ЖИ шешімдері тек математикалық есептеулер мен алгоритмдерге негізделген, сондықтан эмоцияға тәуелді емес. Ол машиналық оқыту арқылы жаңа ақпаратты сіңіріп, тиімділігін арттыра алады.

Ендеше, адам миы мен ЖИ арасындағы ұқсастықтарды зерделейтін болсақ, адам миы мен ЖИ де ақпаратты өңдеп, шешім қабылдау үшін пайдаланады. Адам миындағы нейрондар мен ЖИ-дің нейрондық желілері бір-біріне ұқсас қызмет атқарады.

Ми өмір бойы жаңа ақпаратты үйреніп, өзгеріп отырады. Сол сияқты, жасанды интеллект те машиналық оқыту арқылы жаңа мәліметтерді игеріп, нәтижелерін жақсартып алады.

Миға бір мезгілде бірнеше процесті орындау тән. ЖИ де бір уақытта бірнеше есептерді шешіп, жоғары жылдамдықпен жұмыс істей алады. Адам миы суреттерді, дыбыстарды және бет-әлпеттерді тануда өте шебер. ЖИ бейнелерді тану, мәтінді талдау және сөйлеуді тану сияқты тапсырмаларды орындайды. Бірақ, адам миы мен ЖИ арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар бар: адам миы шығармашылық ойлау қабілетіне және қиялға ие. Ол логикадан тыс шешімдер қабылдай алады. Эмоциялар мен моральдық ұғымдарға негізделіп шешім қабылдайды. Өмір бойы өзгеруге және өзін қалпына келтіруге қабілетті.

Ал жасанды интеллект шығармашылық процестерге еліктей алады, бірақ ол тек алдын-ала берілген деректер мен алгоритмдерге сүйенеді. Эмоция мен этикадан ада. Оның шешімдері тек есептеулерге сүйенеді, сондықтан кейде әділетсіз немесе күтпеген нәтижелер шығаруы мүмкін. Жаңа ақпаратты үйренсе де, оны адам сияқты икемді түрде қолдана алмайды. Ол адам миының кейбір мүмкіндіктерін толық алмастыра алмайды.

Осы орайда, «Жасанды интеллект пайдалы ма, зиян ба» деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол біздің өмірімізді жақсартып отырып, жаңа қиындықтар тудыруы мүмкін. Сондықтан ЖИ-ді дамытумен қатар, оның ықтимал қауіптерін азайтуға ерекше назар аудару қажет.

Нұрасыл МАКСУТОВ, «Журналистика және ақпарат» мамандығының 1-курс студенті:

Жасанды интеллект – бұл компьютерлер мен машиналардың адам санасына еліктей отырып, тапсырмаларды орындау қабілеті. ЖИ медицина, өндіріс және көлік сияқты көптеген салаларда қолданылып, үлкен деректерді талдау, диагностика жасау және процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ЖИ арқылы ауруларды ерте анықтау, өндірістегі қателіктерді азайту және автокөліктерді өздігінен басқару мүмкін болып отыр.

Алайда, ЖИ технологиясының дамуы белгілі бір мәселелерді де туындатады. Жұмыс орындарының қысқаруы, ЖИ шешімдерінің этикасы және жүйенің дұрыс жұмыс істемеу қаупі мамандарды алаңдатып отыр. Сондықтан, ЖИ-ді дамыту барысында оның қауіпсіздігі мен адамға

тигізер пайдасын қатар қарастыру қажет.

ЖИ болашағы үлкен мүмкіндіктерге толы, бірақ оны дұрыс бағытта пайдалану – ең маңызды міндеттердің бірі.

Аяулым ҚҰНЫСКЕРЕЙ, «Журналистика және ақпарат» мамандығының 1-курс студенті:

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДАМУЫНЫҢ ШЕГІ БАР МА?»

Жасанды интеллекттің дамуының нақты шегі бар деп айту қиын, себебі бұл технологияның болашағы көптеген факторларға байланысты, оның ішінде ғылымның дамуы, техникалық ресурстар, этикалық шектеулер және адамзаттың бұл технологияны қолдану мақсаттары бар.

Адамзат бұл процесті басқаруда жауапкершілік танытса, жасанды интеллект бізге орасан зор пайда әкелуі мүмкін. Бірақ оның бақылаудан шығып кету қаупі әрдайым ескерілуі керек. Ол шексіз мүмкіндіктер ұсынғанымен, алайда оның дамуын дұрыс бағытта басқару адамзаттың қолында десек те болады.

Айару НАСЫР, «Журналистика және ақпарат» мамандығының 1-курс студенті:

«ҚАЗІРГІ ҚОҒАМҒА КӨМЕГІ МЕН ЗАРДАБЫ»

Жасанды интеллект қазіргі қоғамның көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, бірақ оны дұрыс және жауапты пайдалану қажет. Оның зияндарын азайту үшін халықаралық деңгейде этикалық нормалар қабылданып, технологияны бақылау тетіктері жетілдірілуі тиіс. Зиянды жағы да көбірек пе деп ойлаймын. Ол уақытымызды тиімді пайдалану үшін қажет дегенмен, көптеген мамандықтар үшін қауіпті болады – ау деген күмән жоқ емес.

Дәулетхан ЖАҢАБАЙ, «Журналистика және ақпарат» мамандығының 1-курс студенті:

«АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ҚАДАМЫ»

Біреулер жасанды интеллектті адамзаттың өркениеттік дамуының жаңа кезеңі ретінде көрсетсе, енді біреулер оны қауіп-қатер мен болашақтағы апаттың басы деп есептейді. Осы орайда, ЖИ-дің адамзат үшін пайдалы жақтарын ғана емес, сонымен қатар ықтимал қауіптерін де бағалау қажет.

ЖИ, сөзсіз, адамзаттың дамуына

жаңа серпін берді. Көптеген салаларда автоматтандыру мен алгоритмдер арқылы өнімділік артып, уақыт пен ресурстар үнемделуде. Медицинада ЖИ диагноз қоюды жеңілдетіп, ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектесуде. Технологиялар саласында ЖИ робототехника, деректерді талдау, және болжам жасау сияқты маңызды салаларда жетекші рөл атқаруда. Бизнес пен өндірісте де, ЖИ арқылы жұмыс процестері оңтайландырылып, тиімділік жаңа биіктерге көтерілді. Оқытуды дербестендіру, оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту және әрбір студентке жеке көзқарас қалыптастыру тұрғысынан білім беру саласына әсері де ауқымды.

Дегенмен, белгілі бір қауіп-қатерлер мен аттап өтуге болмайтын этикалық мәселелер де бар. Ең алдымен, жұмыссыздық проблемасы алға шығады. Автоматтандырылған жүйелер көптеген қызмет түрлерін алмастыруда, бұл болашақта миллиондаған адамдардың жұмыссыз қалуына алып келуі мүмкін. Әлеуметтік теңсіздік өсіп, кейбір топтар үшін мүмкіндік азайтыны сөзсіз.

Бұның тағы бір кемшілігі – этикалық нормаларды ескермеуі. Қазірдің өзінде жүйелерді бақылау, шешім қабылдау үдерістерінде адами фактордың жоқтығы қоғамның сеніміне күмән тудырады. Жасанды интеллект өзіндік шешімдер қабылдағанда, оның этикалық және моральдық нормаларды қаншалықты ескеретіні басты сұраққа айналууда. Мысалы, автономды қару жүйелері немесе жеке өмірге қол сұғу сияқты мәселелерді шешу қиын.

ЖИ-дің дамуы адамзаттың өзін жойып жіберуі мүмкін бе? Бұл сұраққа жауап беру қиын. Кейбір ғалымдар мен философтар ЖИ-дің бақылаудан шығуы ықтимал деп болжайды. OpenAI компаниясының негізін қалаушы Илья Суцкевер жасанды интеллекттің болашағы туралы: «Қазір AI біздің биологиялық миымызға қарағанда әлдеқайда «ақымақ». Бірақ бұл уақытша және көп ұзамай AI біздің биологиялық миымызға қарағанда ақылды болады» – деген пікірмен бөліскен болатын.

Қорытындылай келе айтарым: жасанды интеллект – екі ұшты құбылыс. Ол болашақтағы өркендеу мен қауіптің арасындағы нәзік тепе-теңдікке негізделуі тиіс деп есептеймін.

ЗАМАНАУИ АҚПАРАТ АҒЫНЫН БАСҚАРУ ӨНЕРІ

Қазіргі заман – ақпарат ғасыры. Медиа саласы қоғамның барлық саласына терең еніп, біздің күнделікті өмірімізді, ойлауымызды және шешім қабылдауымызды айқындап отыр. Жаңалықтар, әлеуметтік желілер, блогтар, подкасттар – бәрі ақпаратты жедел таратудың құралына айналды. Бірақ осы ақпарат ағынында медиа саласының рөлі мен жауапкершілігі ерекше маңызға ие.

МЕДИАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Медиа – қоғамның айнасы. Ол тек ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікірді қалыптастырушы күш. Жаңалықтар арқылы адамдар әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар болады, пікірталастар арқылы маңызды мәселелерді шешуге қатысады. Сондықтан медиа тек шынайы, тексерілген ақпарат ұсынуға міндетті.

Әлеуетті журналистика демократияның негізгі тірегі саналып, халық пен биліктің арасындағы байланыс арнасын орнатады, сыбайлас жемқорлықты әшкерелейді, әлеуметтік мәселелерді көтереді. Бұл ретте медиа саласы шындықтың сақшысы және әділеттіліктің жаршысы ретінде әрекет етеді.

ЗАМАНАУИ МЕДИА ҚҰРАЛДАРЫ

Дәстүрлі БАҚ (газет, радио, теледидар) өзінің маңызын сақтап қалса да, цифрлық медиа қарқынды дамып келеді. Әлеуметтік желілер, блогтар, YouTube арналар ақпарат тарату мен тұтынудың жаңа үлгісін қалыптастырды. Бұл платформалар ақпараттың жылдамдығын арттырып, әр адамды контент жасаушыға айналдырды.

Алайда, бұл мүмкіндіктермен бірге фейк жаңалықтар, манипуляция және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де туындады. Сондықтан, медиа саласындағы мамандар үшін шынайылық пен этиканы сақтау – басты міндет.

САЛАДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Күні бүгін журналистикада бірнеше жаңашылдықтар пайда болды. Бұған келесі мәселелерді айтып өтуге болады.

Бірінші, бұқаралық ақпарат құралдарында

жазбаша материалдарға қоса, аудио-визуалды контент – подкасттар, видеороликтер мен инфографикалар танымалдылыққа ие болып отыр.

Екінші, жасанды интеллект өз деңгейінде ықпал етуде. Яғни, AI технологиялары арқылы деректерді талдау, контент жасау және тұтынушының қызығушылығын болжау оңайлауда.

Үшінші, медиа мен әлеуметтік желілер өзара интеграцияға түсіп, ақпарат құралдары әлеуметтік желілер арқылы өз аудиториясын кеңейтуде.

Төртінші, платформа бейтараптылығына сәйкес, ақпаратты кез келген уақытта смартфоннан, планшеттен, ноутбуктен алу мүмкіндігі артты.

ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Медиа саласы адамдардың санасына, мінез-құлқына және шешім қабылдау процесіне үлкен әсер етеді. Сондықтан ақпараттық сауаттылықты дамыту – басты қажеттілік. Келешекте медиа саласы интерактивті технологиялар мен виртуалды әлемдерді кеңінен қолдана отырып, жаңа деңгейге көтеріледі.

Ол – ақпарат тарату құралы ғана емес, қоғамды тәрбиелейтін, дамытатын және біріктіретін күш. Заманауи медиа саласы шынайылық, кәсібилік және жылдамдық принциптеріне сүйенуі тиіс. Біз ақпаратты тек тұтынушы ғана емес, оны дұрыс талдай алатын саналы азамат болуымыз қажет.

Аружан МАКСИМОВА,
«Журналистика және
ақпарат» мамандығының
3-курс студенті



Сәкен Сейфуллинге арнау

Ел адамың, ел жанары ешқашанда ұмытпас,
Дәл бүгінде бір өзіңе салынды мың құлыптас.
Ықыласы барша халық алғысы мен дұғасы,
Бір өзіңе ақын аға мәңгілікке бағыттас.

Ұлт жадында қалған бейне, ескірмейді кескінің,
Көзі болған болашақпен қалған мұра ескінің.
Дәл өзіңдей болмас тұлға, болмас ақын ендігі,
Өлеңге арнар, бар өмірдің кеңдігі мен бес күнін.


Әдебиеттен тапқан егіз сырлары мен мұрасын,
Тарихтарда сырлы әріппен сыр шертіліп тұрарсың.
Өлеңменен ұстаздықты ұштастырып дамытып,
Болашақтан біздер үшін биік тұғыр құрасың.

Қарашілік ортау ауыл сенің өскен мекенің,
Білер мекен сендер ердің сол мекеннен екенін,
Дәл бүгінде үлгісің сен адамзатқа,
Ақындарға көптеген,
Соның бәрі сенің салған сара жолмен беттеген.

Тым ерекше шарықтаған сенің өлең қуатың,
Сол өлеңнен маған бейне шабыт шіркін туатын.
Оқырманың дәл осы бір кезеңдерде қалықтап,
Өнер атты бәйгеге бел бекеңденіп буатын!

Тарихтардың қойнауында қалсын осы өлеңдер,
Ей, жас ұрпақ бұны сыйлап, мәңгілікке елеңдер.
Болашақта жандандырып, жекелетіп дамытып,
Еңбектерің тым биікке бағытталып тереңдер!

Үміт СҮНДЕТҚЫЗЫ,
«Журналистика және ақпарат»
мамандығының студенті



ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Әрбір жылдың аяғында кез келген мекеме қорытынды жасап, түрлі бағытта белсенді болғандарды көтермелеуі – дәстүрлі іс-шара. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осы мақсатта «Жыл үздігі – 2024» атты студенттерді марапаттау кеші өтті.

Салтанатты іс-шарада 2023–2024 оқу жылында өнер, ғылым, білім, спорт және мәдениет салаларында үздік болып, жоғары көрсеткіштерге жеткен жастардың жетістіктері бағаланып, құрметке ие болды.

Алғыс хаттарды табыстау тізгіні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ләйлә Қойшығұлова мен жастар саясаты департаментінің директоры Гүлнұр Қайырлиеваға берілді.

Университеттің көркейіп, дамуына өзіндік үлестерін қосып, айрықша атсалысып жүрген белсенділер марапатқа ие болды.

Атап айтатын болсақ, жеңімпаздар тізімі келесідей:

«ҮЗДІК СТУДЕНТ» НОМИЦИЯСЫ

Экономика және құқық факультетінің студенті Жәңгір Темірханов;

«ҮЗДІК GRA» НОМИНАЦИЯСЫ

Көптілді білім беру факультетінің студенті Айгерім Бимурзина;

«ҮЗДІК КІТАПХАНА ОҚЫРМАНЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенті Арсан Қазалиев;

«ҮЗДІК ТОП» НОМИНАЦИЯСЫ

Экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығының 201 тобы;

«ҮЗДІК СТАРОСТА» НОМИНАЦИЯСЫ

Аяулым Жолдасбек;

«ҮЗДІК СММ» НОМИНАЦИЯСЫ

Көптілді білім беру факультетінің студенті Амина Табылдықызы;

«ҮЗДІК МОБИЛОГРАФ» НОМИНАЦИЯСЫ

Инновациялық білім беру факультетінің студенті Сұлтанбек Сағындықов;

«ҮЗДІК ИНТЕЛЛЕКТУАЛ» НОМИНАЦИЯСЫ

«Көшбасшы» клубы;

«ҮЗДІК ПІКІРСАЙЫСШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Көптілді білім беру факультетінің студенті Жадыра Қайратова;

«ҮЗДІК СПОРТШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Инновациялық білім беру факультетінің студенті Нұрбек Кенжебай;

«ҮЗДІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Инновациялық білім беру факультетінің студенті Темірлан Баймолданов;

«ҮЗДІК ҰЙЫМ» НОМИНАЦИЯСЫ

«Қыз Жібек» қыздар ұйымы;

«ҮЗДІК ЖАТАҚХАНА БӨЛМЕСІ» НОМИНАЦИЯСЫ

«Дана» жатақханасы, 308 бөлме;

«ҮЗДІК ВОЛОНТЕРЛІК ТОП» НОМИНАЦИЯСЫ

Әскер кафедра;

«ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖҰЛДЫЗЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенті Имашева Айгерім;

«ҮЗДІК СТУДЕНТТЕР ҮЙІ» НОМИНАЦИЯСЫ

N1 студенттер үйі;

«ҮЗДІК ӨНЕРПАЗ» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Кемелхан Шаттық;

«ҮЗДІК АКТЕР/АКТРИСА» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Шұғыла Булегенова;

«ҮЗДІК ТІКТОК ПАРАҚША» НОМИНАЦИЯСЫ

Физика және ақпараттық технологиялар факультетінің парақшасы;

«ҮЗДІК КӨШБАСШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Аида Амангелдиева;

«ҮЗДІК ЖҮРГІЗУШІ» НОМИНАЦИЯСЫ

Экономика және құқық факультетінің студенті Нұрсейіт Даулбаев;

«ҮЗДІК ТҮЛЕК» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Асланбек Орынбасаров;

«ҮЗДІК ЖАЙДАРМАНШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Инновациялық білім беру факультетінің студенті Бекзат Нығметов;

«ҮЗДІК БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТ» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Дильназ Кереева;

«ҮЗДІК ЖЫЛ БАЛМҰЗДАҒЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенті Исламбек Алифай;

«ҮЗДІК ФАКУЛЬТЕТ» НОМИНАЦИЯСЫ

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті;

«ҮЗДІК ЖАНКҮЙЕР ФАКУЛЬТЕТ» НОМИНАЦИЯСЫ

Инновациялық білім беру факультеті;

«ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ДЕКАН» НОМИНАЦИЯСЫ

Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенті Нұрайым Нысанбай;

«ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ДЕКАН ОРЫНБАСАРЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенті Динара Нұрланова.

Марапатқа ие болған үздік студенттерімізді құттықтаймыз!



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ө.Кенжеахметов – бас редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фототілші

Редакция:

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:

Ж.Қалым
А.Қалиматова
Н.Жаңбырбай
электрондық пошта: media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1553 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана